# Тақырып: Тілдердің шығуы мен дамуы және олардың өзара әсерлері.

# Дыбысқа еліктеу теориясы

17-18 ғасырда кең өріс алды. Өкілі – неміс философы Г. Лейбниц (1646-1716).

.

# Эмоциональдық теория

18-19 ғасырда кең тараған.
Жақтаушысы – Ж.Ж.Руссо.

19-20 ғасыр одағай теориясы. Жақтаушылардың бірі – орыс лингвисі Д.Н. Кудрявский.

# ***Қоғамдық шарттасу теориясы***

Бұл теория бойынша алғашқы адамдар сөздерді өзара келісе отырып шарттасып жасаған. Осыдан келіп тіл пайда болған дейді.



# Еңбек айқайы теориясы

***19 ғасырда шықты. Оны жасаушы – Людвиг Нуаре деген философ.***

**Адамзат тілінің пайда болу теориясының ғылыми негізін К.Маркс пен Ф.Энгельс жасады.**



Ағайынды Шлегельдер мен Гумбольдтың тілдің өткен дәуірін - классикалық дәуір, тілдің гүлденіп дамыған дәуірі, ал бергі дәуірлер - тілдің азу, бүліну дәуірі деп есептеулері ешбір шындыққа жанаспайтын, мүлдем қате көзқарас.






Август Шлейхердің пікірінше, тіл биологиялық организм сияқты туады, өседі, қартаяды, ақырында өледі.



Н.Я.Марр тілдің сатылық даму теориясын ұсынып, тілдің ескі сападан жаңа сапаға көшуі, яғни дамуы революция жолымен, анықтап айтқанда, бар тілді жойып жіберіп, жаңа тіл жасау жолымен болады деп есептеді. Бұл қате теория болатын. Тілдің дамуы – бар тілді жойып, жаңа тіл жасау жолымен емес, бар тілдің негізгі элементерін дамыту, жетілдіру жолымен, яғни эволюция жолымен, ішкі даму жолымен болады.

# Тілдің зандары

Жалпы заңдар

Жеке заңдар

Тіл дамуының жеке заңын оның барлық саласынан, атап айтқанда: лексикасынан да, грамматикасынан да, фонетикасынан да табуға болады. Мысалы, үңдестік (сингармонизм) заңы бүкіл түркі тілдерінің фонетикасына ортақ. Бірақ үндестіктің түрлері әрбір түркі тілдерінде әр түрлі. Айталық, ерін үндестігі (мыс: құлын, бұрым, бөтөлкө т.б.) қазақ, қарақалпақ тілдеріне қарағанда, алтай, кырғыз тілдерінде әлдеқайда басым дамыған.

Тілдердің өзара әсері екі түрлі жолмен болады.

Тоғысу (этникалық топтардың бірігуі).

Тілдік элементтердің (дыбыстардың, морфемалардың, сөздердің, сөйлем құрылымының) енуі түрінде.

Тілдердің тоғысуы процесінде субстрат, суперстрат, адстрат деп аталатын құбылыстар пайда болады.

Субстраттың нәтижесінде жеңген тіл жеңілген тілден сөздер мен жеке дыбыстарды, кейбір морфемаларды қабылдайды. Субстрат – жеңілген тілдің жеңген тілдегі элементтері.

Суперстрат – жоғарғыға керісінше: жеңген халықтың жеңілген халық тіліне қалдырған ізі, әсері.

Адстрат – екі халықта да жарыса қатар өмір сүретін тілдік элементтер.